«МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ-
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ»
КЕШЕНІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМПЛЕКС
«МУЗЫКАЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ-
МУЗЫКАЛЬНАЯ
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ
ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ»

---

**БҰЙРЫҚ**
**2025 ж. 05.01.**
**Павлодар қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№13-04/03**
**город Павлодар**

**«2025 жылға арналған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқаулық беруге және білімін тексеруге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы**

«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқаулық беру және білімін тексеру қағидалары мен мерзімдерін» орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кіріспе нұсқаулықты өткізу және нұсқаулық беру келесі жұмыскерлерге жүктелсін:
- Музыкалық колледж және мектеп-интернат бойынша жаңадан жұмысқа орналасқан жұмыскерлермен кадрлар бөлімінің меңгерушісі А.Т. Асқароваға;
- мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен кешен басшысының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаевқа;
- колледжге қабылданған студенттермен АӘД бойынша оқытушы-ұйымдастырушы Б.Р. Какеновқа;
- ББММ бойынша қайта жұмысқа қабылданған жұмыскерлерге және өндірістік оқу немесе тәжірибеге келген студенттерге басшының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары О. Қайыргелдіқызына.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген жауапты тұлғаларға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кіріспе нұсқаулық бағдарламаларына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кіріспе нұсқаулықты жүргізсін.

3. Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыс орнында алғашқы нұсқаулықты жүргізу:
- музыкалық колледждің педагогикалық құрамы бойынша басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары З.А. Гатинаға;
- ББММ педагогикалық құрамы мен өндірістік оқу немесе тәжірибеге келген студенттер бойынша басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары О. Қайыргелдіқызына;
- мектеп-интернаттың музыкалық циклдегі педагогикалық құрамы бойынша басшының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары м.а. М.С. Ботагузовқа;
- мектеп-интернаттың жалпы білім беру циклдегі педагогикалық құрамы бойынша басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.С. Кунязоваға;
- тәрбиешілер және тәрбиешілердің көмекшілері бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Г.С. Шариповаға;

- Кешеннің әкімшілік жұмыскерлері бойынша басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаевқа;
- мектеп-интернаттың техникалық, кіші қызмет көрсету жұмыскерлері бойынша шаруашылық меңгерушісі М.А. Шариповаға;
- музыкалық колледждің техникалық, кіші қызмет көрсету жұмыскерлері бойынша колледждің шаруашылық меңгерушісі Т.Г.Ауталиповаға;
- студенттік жатақхана қызметкерлеріне бойынша комендант М.С. Семёноваға;
- колледжге қабылданған студенттермен АӘД бойынша оқытушы-ұйымдастырушы Б.Р. Какеновқа жүктелсін.

4. Алғашқы нұсқаулықты тікелей жұмыс орнында, алғашқы нұсқаулық бағдарламасына сәйкес өндірістік қызметті бастамас бұрын әрқайсысымен жеке өткізсін:
- барлық жаңа қабылданған жұмысшылармен;
- бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауысқандармен;
- алмасқан жағдайда олар үшін жаңа жұмысты орындайтын жұмысшылармен, уақытша іссапардағы жұмысшылармен;
- маусымдық жұмысшылармен;
- ұйым аймағында құрылыс-монтаж жұмыстарын орындайтын құрылыс саласындағы мамандармен;
- өндірістік оқуға немесе тәжірибе өтуге келген оқушылармен және студенттермен.

5. Осы бұйрықтың №3 тармағында көрсетілген жауапты тұлғалар қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша алғашқы нұсқаулық бағдарламасы көлемінде белгіленген үлгідегі журналға тіркеумен 6 айда 1 реттен кем емес жүйесімен сабақтарды өткізу кестесіне сәйкес қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қайта нұсқаулық өткізілсін.

6. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жоспардан тыс нұсқаулық жүргізілсін:
- қауіпсіздіктің жаңа немесе өңделген нормаларын, ережелерін, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықты әрекетке енгізгенде;
- еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін өндірістің технологиялық үдерісі өзгергенде, жабдықтардың, аспаптардың, шығыс шикізатының, материалдардың ауысуы немесе үлгіленуі кезінде;
- жұмысшылардың жарақаттануына, апатқа, жарылыс немесе өртке, улануына әкелетін еңбек қауіпсіздік талаптарын бұзған кезде;
- бақылайтын қадағалаушы органдардың талаптары бойынша.

7. Жоспардан тыс нұсқаулық көлемі мен мазмұнын оны өткізу қажеттілігі туғызған салдар мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдаларда анықтайды.

8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жоспардан тыс және мақсатты нұсқаулықты өткізу осы бұйрықтың №3 тармағында көрсетілген жауапты тұлғаларға жүктелсін.

9. Мақсатты нұсқаулық өткізілсін:
- мамандық бойынша тура міндеттермен байланысты емес (жүктеу, түсіру, аймақты тазалау, ұйым, цех немесе учаскі аймағынан тыс бір реттік жұмыстар) бір реттік жұмыстарды орындау кезінде;
- апат, дүлей апат және зілзала салдарын жою кезінде.

10. Осы бұйрықта көрсетілген жауапты тұлғалар нұсқаулық түрлеріне сәйкес бағдарламалар әзірлесін.

11. Кіріспе нұсқаулықтан басқа нұсқаулықтарды ауызша сұрау немесе оқытудың техникалық құралдары арқылы білімдерін тексерумен, сондай-ақ жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін меңгеру дағдыларын тексерумен аяқтасын.

12. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқаулықтар (кіріспе, жұмыс орнында алғашқы, қайта, жоспардан тыс, мақсатты) белгіленген үлгідегі журналдарда тіркелсін.

13. Осы бұйрық күшіне енгеннен бастап зертханашы З.М.Оспанова қатысты тұлғаларға қол қойғызып таныстырсын.

14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **С.К. Сыздыков**